

АДАМ


БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ – ӨМІРДЕГІ ЖЕТІСТІК РЕТІНДЕ

Қазақстандықтардың отбасын құру туралы әлеуметтанулық сауалнама сұрақтарына жауаптарын ұсынамыз.

Лев Толстойдың «Счастлив тот, кто счастлив у себя дома» (өз үйіне бақытты адам – ең бақытты адам) деген нақыл сөзін еске ала отырып, қазақстандықтардың жартысынан астамын осындай санатқа жатқызуға болатындығын атап өтеміз. Республикалық сауалнама барысында респонденттердің **67,7% бақытты отбасын құра алғандықтарын мәлімдеді.**

Респонденттердің тағы 24,1% әлі бақытты отбасын құрмаған, бірақ олар бұған қол жеткізе алатынына сенімді.

Бақытты отбасы құра алатындығына күмәнданатындардың үлесі 3,8% құрайды.



1-сурет. Сіз бақытты отбасын құра алдыңыз ба?

Зерттеу әдістемесі:

Сауалнама әдісі – маршруттық квоталық іріктеме негізінде тұрғылықты мекенжайы бойынша респондентпен сұхбат. Іріктеме – республикалық маңызы бар 3 қала және 14 облыстағы 59 қалалық елді мекен және ауылдық жерлердегі 18 жастағы және одан асқан 2000 респондент. Статистикалық қателік 3,5%-дан аспайды.

Өткізілу мерзімі – 2019 ж. мамыр.